Мамбетов Бекзат Махмұтұлының 6D011400 – «Тарих» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін ұсынған «Отандық тарихи тұлғатану бағыты (Академик С.Б. Бәйішевтің өмірбаяны мысалында)» тақырыбындағы диссертациясына

Пікір

«Отандық тарихи тұлғатану бағыты (Академик С.Б.Бәйішевтің өмірбаяны мысалында)» деген тақырыптағы Мамбетов Бекзат Махмұтұлының 6D011400 Тарих мамандығы бойынша философия докторы (PhD) ғылыми дәрежесін алу үшін қорғауға ұсынылған диссертациясының тақырыбы қазіргі қоғамдық ғылымдар дамуының өзекті проблемаларын шешуге арналуымен құнды деп ойлаймын. Тарихи тұлғатану бағытындағы зерттеулер қазіргі кездегі тарих мазмұнын жаңалауда барынша өткір мәселелердің біріне айналып отыр.

Академик С.Б.Бәйішевтің тұлғасына ғылыми негіздеуде диссертанттың ұстанымдары ғылыми жаңалық болып саналады. Партиялық-мемлекеттік номенклатураның тұрпатты өкілі ретінде кеңес қоғамында қызмет етіп, шығармашылықпен айналысқан тарихи тұлғалардың алатын орны мен атқарған қызметіне баға беруде біржақтылықпен емес, оларды өз қоғамымен тұтастықта қарастыру сияқты ұстанымның маңызы зор. Диссертант осы тұрғыда С.Б.Бәйішевті жеткілікті тұлғаландыра алған.

Зерттеу нәтижелерін оқу процесіне енгізу үшін құрастырған «Тарихи тұлғатану бағытының мәселелері (академик Сақтаған Бәйішевтің мысалында)» атты таңдау пәнінің оқу-әдістемелік кешенінің қолданбалық маңызы жоғары деп білемін. Қазіргі кезде жоғары оқу орындарының білім беру бағдарламасы жаңартылып жатқан жағдайда, студенттердің тарихи танымын қалыптастыруға жаңа әдістемелік тәсілдер ұсынатын осындай таңдау пәндерінің көп болғаны жақсы. Аталған таңдау пәні оқу үдерісіне енгізуге дайын еңбек болып шыққан. Педагогикалық экспериментінің барысында кешеннің оқу процесіне енгізуге қажеттілігі мен әдістемелік тиімділігі дәлелденген.

Қорытынды ретінде Б.М.Мамбетовтың «Отандық тарихи тұлғатану бағыты (Академик С.Б.Бәйішевтің өмірбаяны мысалында)» тақырыбындағы диссертациясының ғылыми жаңалығын, ереже талаптарына сай орындалғандығын ескеріп 6D011400 Тарих мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін беруге болады деп бағалаймын.

Пікір беруші:
Тарих ғылымдарының кандидаты: **Абдурахманов Н.А.**

Н.Абдурахманов қолын растаймын
Кадр бөлімінің бастығы